

Kaspi.kz төлем жүйесінің ережесі

ережесі

Kaspi.kz төлем жүйесінің ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және Жүйе қатысушыларының өзара әрекет ету тәртібін айқындайды.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

- 1.1.1. Kaspi.kz – электрондық банктік қызметтерді көрсетуді және қашықтан қызмет алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін интернет-ресурс және (немесе) Мобильді қосымша;
- 1.1.2. QR-код – Есеп айырысу Банкінің және/немесе Қатысушының банктік қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету технологиясы;
- 1.1.3. АБАЖ – Банктің автоматтандырылған банктік жүйесі;
- 1.1.4. Авторландыру – Төлем құралдарын/Шотты пайдаланып, Операциялар жүргізуге Қатысушының және/немесе Есеп айырысу Банкінің рұқсаты;
- 1.1.5. Шарт – www.kaspi.kz мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналастырылған Kaspi.kz төлем жүйесіне қатысу туралы шарт;
- 1.1.6. Төлем құралы – Клиентке Операция жүргізуге мүмкіндік беретін, ақпарат және/немесе QR-код қамтылған төлем картасы немесе өзге электрондық жеткізгіш;
- 1.1.7. Клиент – оған Шот ашылған және Төлем құралының ұстаушысы болып табылатын жеке тұлға;
- 1.1.8. Жеке кабинет – Клиентті сәйкестендірген және аутентификациялаған кезде, Kaspi.kz арқылы кіруге болатын ақпараттық кеңістік, ол белгілі бір электрондық банктік қызметтерді Клиентке көрсетуге және Клиентпен жасалған шарттарда көзделген өзге мақсаттарға арналған;
- 1.1.9. Оператор – Жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын Kaspi Pay ЖШС;
- 1.1.10. Операциялық күн – егер Клиенттермен жасалған шарттарда өзге уақыт кезеңі айқындалмаса, Есеп айырысу Банкі белгілеген сағат 00.00-ден 24.00-ге дейінгі уақыт кезеңі, бұл кезеңде Жүйе аясында Клиенттің нұсқаулары, нұсқауларды орындауды тоқтата тұру не болмаса мұндай нұсқауларды кері қайтару туралы өкімдер орындалады;
- 1.1.11. Операция – Шотты және (немесе) Төлем құралын толықтыру, тауарлар мен қызметтердің ақысын төлеу, қолма-қол ақша алу, валюта айырбастау және Есеп айырысу Банкі және/немесе Қатысушы жүргізетін, Төлем құралдарының және (немесе) Шоттың деректемелерін, оның ішінде QR-код және (немесе) Клиенттің ЖСН арқылы жасалатын өзге операциялар;
- 1.1.12. Ереже – Сайтта орналастырылған Kaspi.kz төлем жүйесінің ережесі;
- 1.1.13. БЖ – бағдарламалық жасақтама, оның ішінде Төлем құралдарын шығаруға және Төлем құралын/Шотты немесе өзге сәйкестендіргіштерді пайдаланып, операциялар жүргізуге қажетті бағдарламалық-техникалық құралдардың, ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар мен рәсімдердің жиынтығы;
- 1.1.14. Процессинг – Төлем құралын пайдаланып, Операцияларды жүргізген кезде жасақталатын ақпаратты жинау, өңдеу және беру;
- 1.1.15. Есеп айырысу Банкі – «Kaspi Bank» АҚ;
- 1.1.16. Сайт – www.kaspi.kz
- 1.1.17. Жүйе – Kaspi.kz төлем жүйесі;
- 1.1.18. ТБЖ – тәуекелдерді басқару жүйесі, Жүйенің үздіксіз жұмыс істеп тұруы мақсатында жағымсыз салдардың туындау ықтималдылығын азайту тәсілдері мен іс-шараларының кешені;
- 1.1.19. Шот – Есеп айырысу банкінде және/немесе Қатысушыда ашылған Клиенттің банктік шоты;
- 1.1.20. Терминал – Төлем құралын және (немесе) Шотты пайдаланып, оның ішінде QR-код және (немесе) Клиенттің ЖСН арқылы Операцияларды жүргізуге, сондай-ақ құжаттарды жасауға арналған Банктің құрылғысы, оның ішінде банкомат, электрондық терминал, pos-терминал, ресайклер (ақша қабылдау және беру функциясы бар құрылғы), автоматтандырылған кассалар мен басқа да электрондық-механикалық құрылғылар;
- 1.1.21. Қатысушы – Шарт жасасқан екінші деңгейдегі банк (және/немесе лицензияның негізінде банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйым);
- 1.1.22. Орталық – процессингті жүзеге асыратын Оператордың автоматтандырылған ақпараттың жүйесінің модулі/компоненті;
- 1.1.23. Эквайер – Оператор айқындаған, Терминалдардың Шотқа қойылған нұсқауларды қабылдауын қамтамасыз ететін Қатысушы;
- 1.1.24. Эмитент – Төлем құралын шығаратын Қатысушы.

2. Жалпы ережелер

- 2.1. Жүйені ұйымдастыру мақсаты – Төлем құралдарын және (немесе) Шоттарды және Ереже мен Шартқа сәйкес Оператор, Есеп айырысу Банкі және Қатысушы Клиенттерге ұсынатын өзге электрондық төлем құралдарын пайдаланып, үздіксіз қызмет көрсетуді, оның тиімділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.
- 2.2. Kaspi Pay ЖШС Жүйе Операторы болып табылады.
- 2.3. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінің көлемін, кейбір арнайы тарифтерді Оператор Шартта айқындайды.
- 2.4. Жүйенің жұмыс рәсімі мен тәртібі Ереженің №1 қосымшасында айқындалған.

3. Жүйенің жұмыс істеу рәсімдері

3.1. Ақпаратпен алмасу:

Оператор:

- 3.1.1. Операциялық күннің ішінде Орталыққа түскен ақпаратты өңдейді. Операциялық күн жабылғаннан кейін түскен ақпарат келесі Операциялық күнмен және/немесе Шартта көзделген өзге мерзімде өңделеді;
- 3.1.2. БЖ-ның технологиялық процестеріне сәйкес ақпаратты қабылдап, өңдейді;
- 3.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сай есептерді жасақтап, ұсынады.

3.2. Төлем құралдарын шығару:

- 3.2.1. Төлем құралдары электрондық түрде шығарылуы мүмкін. Клиенттерге Төлем құралдарының деректемелері туралы ақпарат Клиентпен жасалған шартта көзделген Байланыс арналары бойынша, оның ішінде техникалық мүмкіндік болған кезде QR-код түрінде беріледі.
- 3.2.2. Оператор БЖ-да техникалық мүмкіндік болған кезде осындай БЖ-да Төлем құралдарын шығарып, дербестендіреді.

4. Төлем хабарламаларының пішімі

- 4.1. Қатысушы Есеп айырысу Банкіне Төлем құралдары және (немесе) Шоттар бойынша электрондық төлем құжаттарын береді, олар Операциялық күн жабылғаннан кейін автоматты режимде өңделеді.
- 4.2. Файлдардың құрылымы мен пішімі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК-ның Төлем жүйелері – хабар алмасу рәсімдері мен пішімдерінің талаптарына, Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес не қаржы саласындағы ұйымдар арасында электрондық хабарлармен алмасудың халықаралық стандартына (ISO 20022) сәйкес не Шартқа сәйкес айқындалады.

5. Жүйенің жұмыс кестесі

- 5.1. Жүйе күнделікті тәуліктік режимде жұмыс істейді.
- 5.2. Оператордың және Қатысушылардың кез келген әрекетті жасау күні мен уақыты Операциялық күнмен және/немесе Шартпен айқындалады.
- 5.3. Оператор жүйеде күнделікті тәулік бойы режимінде қызмет көрсетеді және Операцияларды жүргізеді.

6. Жүйедегі тәуекелдерді басқару жүйесі

- 6.1. ТБЖ тәуекелдерді басқару моделін, тәуекелдерді басқару іс-шаралары мен тәсілдерінің тізбесін қамтиды.
- 6.2. Жүйенің үздіксіз жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету мақсатында Оператор тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастырады, оның ішінде тәуекелдерді басқару моделін айқындайды.
- 6.3. Оператор ТБЖ-ны және тәуекелдерді басқаруға жауапты тұлғалардың (не болмаса тиісті құрылымдық бөлімшелердің) функционалдық міндеттерін айқындайды.
- 6.4. ТБЖ-ға жауапты жұмыскерлерді тағайындау және (немесе) тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімшелерге тиісті өкілеттіктер беру және тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі ережелерді әзірлеу кіреді (бірақ мұнымен шектелмейді).
- 6.5. Оператор міндеттеріне мониторинг жүргізуді және тәуекелдерді басқаруға байланысты іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ету кіретін Оператордың лауазымды тұлғасын немесе құрылымдық бөлімшесін анықтайды.
- 6.6. **Оператордың тәуекелдерді басқару органдарының функционалдық міндеттері мен құзыретіне:**
 - 6.6.1. ТБЖ-ны реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу және бекіту;
 - 6.6.2. ТБЖ-ны бағалау критерийлерін белгілеу, оны бағалау және бағалау қорытындылары бойынша ұсыныстар мен кеңестер дайындау;
 - 6.6.3. Жүйенің үздіксіз жұмыс істеуінің бұзылу тәуекелдерінің жол берілген, тиісті және елеулі деңгейлерін белгілеу;
 - 6.6.4. Тәуекелдердің деңгейін бақылау және нақты уақыт режимінде тәуекелдер деңгейінің өзгерісіне әрекет ету;
 - 6.6.5. Жүйенің үздіксіз жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету және тәуекелдердің деңгейін барынша азайту бойынша шара қолдану;
 - 6.6.6. ТБЖ-ның, оның ішінде пайдаланылатын тәуекелдерді бағалау әдістерінің тиімділігін, тәуекелдерді басқару тәсілдерінің қолдану нәтижелерін, сондай-ақ Оператордың ТБЖ тиімділігін қамтамасыз ететін бөлімшелерінің қызметін бағалау;
 - 6.6.7. ТБЖ-ны бағалау қорытындылары бойынша ұсыныстар мен кеңестер дайындау;
 - 6.6.8. Тәуекелдерді басқару мақсатында басқа да міндеттерді атқару кіреді.

Тәуекелдердің анықталуы туралы ақпаратты Оператордың жауапты тұлғасы (құрылымдық бөлімшесі) Оператордың атқарушы органына береді және онда тәуекелдің сипаттамасының, оның туындауының ықтимал себептері мен болуы мүмкін салдардың сипаты қамтылады.

7. Жүйеде жүзеге асырылатын қызметтер мен операциялардың сипаты

7.1. Есеп айырысу Банкі мен Қатысушы келесі қызмет түрлерін (бір немесе бірнеше) көрсетеді:

- 7.1.1. Электрондық түрде Төлем құралдарын, оның ішінде төлем карталарын шығару/шығаруды ұйымдастыру, дербестендіру;
- 7.1.2. Электрондық түрде шығарылған Төлем құралдарының деректемелерін беру;
- 7.1.3. клиринг;
- 7.1.4. Орталық арқылы Төлем құралдары және (немесе) Шот бойынша Операцияларды жүргізген кезде ақпаратты (авторландыру сұратуларын/жауаптарын және қаржылық құжаттарды) қабылдау/беру;
- 7.1.5. Техникалық мүмкіндік болған кезде басқа да төлем қызметтері.

7.2. Оператор келесі қызмет түрлерін (бір немесе бірнеше) көрсетеді:

- 7.2.1. Процестеу;
- 7.2.2. Қатысушы, Клиенттер, Есеп айырысу Банкі арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-әрекетті, сондай-ақ үшінші тұлғалардың қатысуынсыз Клиенттерден қабылданған төлемдер бойынша бенефициардың пайдасына ақша аударуды қамтамасыз ететін қызметтер;
- 7.2.3. Орталық арқылы Төлем құралдары және (немесе) Шот бойынша Операцияны жүргізген кезде ақпаратты (авторландыру сұратуларын/жауаптарын және қаржылық құжаттарды) қабылдау/беру;
- 7.2.4. Электрондық түрде шығарылған Төлем құралдарының деректемелерін беру.

7.3. Жүйеде жүргізілетін Операцияларға:

- 7.3.1. Төлем құралдарын және (немесе) Шотты толықтыру, соның ішінде Kaspi.kz-те, Терминалда/кассада толықтыру, жалақыны есепке жазу және Төлем құралдарының және (немесе) Шоттың деректемелері бойынша, оның ішінде QR-код және (немесе) Клиенттің ЖСН арқылы өтетін өзге толықтыру операциялары;
- 7.3.2. Kaspi.kz-тегі және (немесе) Терминалдардағы ақша аударымдары;
- 7.3.3. Kaspi.kz-те және (немесе) Терминалдарда төлем жасау, тауарлардың және (немесе) қызметтердің ақысын төлеу;
- 7.3.4. Төлем құралдарының және (немесе) Шоттың деректемелерін пайдаланып, оның ішінде QR-код және (немесе) Клиенттің ЖСН арқылы және (немесе) Оператор қолдайтын өзге тәсілдермен Терминалдарда қолма-қол ақша алу;
- 7.3.5. Төлем құралдарының және (немесе) Шоттың деректемелерін пайдаланып, оның ішінде QR-код және (немесе) Клиенттің ЖСН арқылы және (немесе) Оператор қолдайтын өзге тәсілдермен жүргізілетін өзге Операциялар кіреді.

7.4. Операциялар жүргізілген кезде деректер Орталыққа онлайн режимде беріледі.

7.5. Жүйеде Операцияларды жүргізу барысы:

- 7.5.1. Клиент Операция жүргізуге бастама көтереді;
- 7.5.2. Орталыққа Операция жүргізуге сұрату түседі;
- 7.5.3. Орталық Төлем құралы арқылы Операцияны жүргізу мүмкіндігін айқындайды және нұсқауды акцепттейді не болмаса акцепттеуден бас тартады.
- 7.5.4. Операцияны жүргізу мүмкін болған жағдайда, Орталық Авторландыруды жүргізеді, Операцияның растау туралы ақпаратты Есеп айырысу Банкіне және Қатысушыға жолдайды;
- 7.5.5. Орталық өңделген Операциялар бойынша ақпаратты АБАЖ-ға береді;
- 7.5.6. АБАЖ алынған ақпараттың негізінде электрондық нысанда төлем құжаттарын жасайды. Операция бойынша төлем құжаты Операцияның жасалуының растамасы болып табылады.

7.6. Жүйеде Операция туралы ақпаратты өңдеу клиринг нәтижелері бойынша не болмаса бастама көтерушінің әр нұсқауын жеке орындау арқылы жүргізіледі.

7.7. Клиринг нәтижелері бойынша ақша аудару Есеп айырысу Банкі Жүйеге қатысу шартының талаптарына сәйкес жүзеге асыратын Қатысушылардың ақшалай қарсы талаптары мен міндеттемелерін есепке жазу барысы аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

7.8. Банкаралық клиринг жүйесінде клиринг нәтижелері бойынша ақша аударуды оның қатысушыларының ақшасын пайдалану арқылы банкаралық ақша аудару жүйесінде Жүйеге қатысу шартының талаптарына сәйкес Есеп айырысу Банкі жүзеге асырады.

7.9. Бастама көтерушінің әр нұсқауын жеке орындау арқылы ақша аудару басқа нұсқаулар бойынша туындайтын оның құқықтары мен міндеттемелеріне қарамастан жүзеге асырылады.

8. Жүйеге қатысу талаптары

8.1. Жүйеге шарттың негізінде қатысады. Қатысушылар Оператормен тиісті шартқа қол қояды.

8.2. Жүйенің Қатысушыларға қызмет көрсету туралы шешімін Оператордың уәкілетті тұлғасы және/немесе органы қабылдау керек.

8.3. Қатысушы келесі критерийлерге сәйкес келуге тиіс:

- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтауға тиіс;
- Техникалық жабдықтауы Жүйедегі жұмыстың технологиялық талаптарына сәйкес келуге тиіс;
- Ереженің және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес өзінің ақпараттық жүйелеріндегі ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қатысушыға сәйкестендіруші цифрлық код (бұдан әрі – Код) беріледі. Бұл – бірегей код және қатысушыға

автоматты түрде беріледі.

8.4. Төлем құралдарын шығаруды ұйымдастырған және оларға қызмет көрсеткен кезде Қатысушыға қойылатын техникалық талаптар:

- Банкоматтар/Терминалдар Оператордың БЖ-ға қосылады және олардың БЖ-мен бірігу мүмкіндігі болуы керек;
- Банкоматтар/Терминалдар БЖ-да қуатталуы керек және тиісінше сертификатталуы керек.

9. Қатысушылардың Оператормен бірлесіп әрекет ету тәртібі

9.1. Оператордың:

- 9.1.1. Ережеге біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге;
- 9.1.2. Жүйенің жұмыс істеу талаптарын өзгертуге;
- 9.1.3. Қатысушылардың қызметі туралы ақпаратты сұратуға және оны тиісті мерзімде беруді талап етуге;
- 9.1.4. Қатысушылардың Ережені сақтауын бақылауға;
- 9.1.5. Қатысушыларға қызмет көрсетуді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе тоқтатуға;
- 9.1.6. Қатысушылардың шоттарын ашу және жүргізу тәртібі мен талаптарын айқындауға;
- 9.1.7. Ережеде, жасалған шарттарда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

9.1.8. Егер шығындардың себебі:

- Қатысушының өзара алмасу файлдарын жүктеуін/жіберуін уақтылы бақыламауы;
- Қатысушының Операцияларға, оның ішінде төленетін өтемдер бойынша бухгалтерлік есепті тиісінше жүргізбеуі болса;
- шығындар Қатысушының әрекетінің/әрекетсіздігінің нәтижесінде туындайтын өзге себептер болса, Оператор Қатысушының шығындарын өтеу үшін жауапкершілік атқармайды.

9.2. Қатысушының:

- 9.2.1. Операторға Ережеде көзделген тәртіппен Жүйеге қатысу түрін өзгерту туралы өтініш жіберуге;
- 9.2.2. Ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

9.3. Оператор:

- 9.3.1. Ережені айқындауға, оларды Қатысушылардың сақтауына бақылау ұйымдастыруға және жүзеге асыруға;
- 9.3.2. Қатысушыларға үзіліссіз қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату жағдайлары мен себептері туралы Қатысушыларға осылай тоқтатқан күні хабарлауға;
- 9.3.3. Қатысушылармен дауларды сотқа дейін қарау мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 9.3.4. Банк құпиясының сақталуын, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралдары мен әдістері туралы ақпараттың, дербес деректердің және Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес міндетті қорғалуға тиісті өзге де ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге;
- 9.3.5. Ережені Сайтта орналастыруға;
- 9.3.6. Операторды, Есеп айырысу Банкі мен Қатысушылардың арасында өзара есеп айырысу жүргізуді қамтамасыз етуге;
- 9.3.7. Нысаны, құрамы және беру тәртібі шарттарда айқындалған есептерді қалыптастыруға және Қатысушыларға жіберуге міндеттенеді.

9.4. Қатысушы:

- 9.4.1. Өз қызметін Ережеге сәйкес жүргізуге;
- 9.4.2. Жүйеге қауіпсіз қосылуды қамтамасыз етуге;
- 9.4.3. Ереженің, Шарттың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;
- 9.4.4. Оператордың уәкілетті органының тиісті шешімі болған кезде Оператормен шарт жасасуға;
- 9.4.5. Шартта көзделген жағдайда, Есеп айырысу Банкіне Қатысушының қосымша өкімінсіз, өзара есеп айырысу қорытындысы бойынша Операторға, Есеп айырысу Банкіне немесе Қатысушыға тиесілі ақша сомасын Қатысушының барлық банктік шоттарынан есептен шығару құқығын беруге;
- 9.4.6. Шартта және/немесе өзге банктік қызмет көрсету шарттарында көзделген жағдайда, Ережеге және Шартқа сәйкес Операторға комиссияларды (олар болған кезде) төлеу үшін Есеп айырысу Банкінде ашылған шоттарда Операциялар бойынша кейіннен есептеуге жеткілікті мөлшерде ақшаның болуын қамтамасыз етуге;
- 9.4.7. Қамсыздандыру шотына Қатысушымен жасасқан шарттарда Оператор, Есеп айырысу Банкі белгілеген мөлшерде және мерзімде сақтандыру депозитінің салынуын қамтамасыз етуге;
- 9.4.8. Операцияларды орындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Ереженің талаптарына сәйкес ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге;
- 9.4.9. Ережеде белгіленген талаптармен Терминалдарда Төлем құралдарына қызмет көрсетуге;
- 9.4.10. Қатысушының құрылғылар желісіндегі Операциялардан туындайтын барлық міндеттемелер бойынша Оператордың, Есеп айырысу Банкі мен басқа Қатысушылардың алдында жауап беруге;
- 9.4.11. Операторға даулы жағдайларды тергеуде жәрдем көрсетуге;
- 9.4.12. Операторға жасалған шарттарға сәйкес есептілікті ұсынуға;
- 9.4.13. Операторға ұйымдық-құқықтық нысанның өзгергені, қайта ұйымдастырылғаны, өзінің орналасқан жері мен пошталық мекенжайының өзгергені, өзінің банктік деректемелерінің, БСН өзгергені туралы, сондай-ақ банкроттық, кәсіби қызметті жүргізуге берілген арнайы рұқсаттан (лицензиядан) айырылу және

т.б. фактілерді қоса алғанда, Ережеден туындайтын, Қатысушының өз міндеттемелерін орындауына елеулі түрде әсер етуі мүмкін кез келген басқа да өзгеріс туралы уақтылы хабарлауға;
9.4.14. Оператордың сұратуы бойынша мерзімді түрде қаржылық есептілікті беруге;
9.4.15. Ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

10. Төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша нұсқауды кері қайтарып алу рәсімдері

10.1. Төлем құралдары бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша нұсқаулар алу Шарттың талаптарына сай диспуттық жағдайларды қарастыру және шешу бөлігінде кері қайтарып алынады және төмендегі негізгі процестерді қамтуға тиіс:

- 10.1.1. Қатысушының Есеп айырысу Банкіне/Операторға өтінішпен/арызбен хабарласу тәртібі мен талаптары;
- 10.1.2. Өтінішті/арызды қарастыру тәртібі мен мерзімдері;
- 10.1.3. Қатысушыға өтінішті/арызды қарастыру нәтижесін ұсыну тәртібі.

11. Жүйе Қатысушыларының төлемге қабілетсіздігін реттеу тәртібі

11.1. Оператор Қатысушының төлемге қабілетсіздігін Шарттың талаптарына сәйкес реттеуді қамтамасыз етеді.

11.2. Қатысушылардың төлемге қабілетсіздігін реттеудің жалпы тәртібі Қатысушының Операторға жазбаша өтінішінің негізінде жүзеге асырылады. Оператор мұндай өтініштерді Шартта белгіленген мерзімде қарастырады.

11.3. Қатысушылардың жеке жағдайларда төлемге қабілетсіздігін реттеу тәртібі Қатысушылармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

11.4. Қатысушының төлемге қабілетсіздігі туындаған кезде, Оператор операцияларды өз есебінен аяқтауды қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда Оператор Клиенттермен диспуттық жағдайды реттейді және Қатысушының Оператор шеккен шығындарын өтеуін талап етуге құқылы.

11.5. Қатысушының төлемге қабілетсіздігінің пайда болуына объективті қауіп төнген кезде, Оператор кейін үш күндік мерзімде Қатысушыға хабарлап, Қатысушымен жасалған шарттар бойынша операцияларды тоқтата тұруға құқылы.

12. Ақпараттық қауіпсіздік шараларын сақтау тәртібі

12.1. Оператор ішкі құжаттарға сәйкес ақпараттық инфрақұрылымның үздіксіз жұмыс істеуі, Оператордың ақпараттық жүйелері деректерінің құпиялылығы, тұтастығы және қолжетімділігі бойынша белгіленген талаптардың орындалуын (резервтеуді және (немесе) архивтеуді және ақпаратты резервтік көшіруді қоса алғанда) қамтамасыз етеді.

12.2. Оператор Оператордың ақпараттық жүйелерінің физикалық және техникалық қауіпсіздігін ұйымдастыру шараларын іске асырады.

12.3. Оператордың Жүйемен жұмыс істейтін жұмыскерлері ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша оқытудан тұрақты түрде өтіп тұруға тиіс.

12.4. Жүйеде жұмыс істеу үшін Қатысушылардың жұмыскерлерінің құқықтары мен өкілеттіктерін растау үшін Қатысушылардың жұмыскерлері Оператор ұсынған логин мен парольге сай Жүйеде бастапқы аутентификациядан, сәйкестендіруден өтеді. Жұмыскер Оператордың нұсқауларына сай парольді ауыстыруға міндетті.

12.5. Жүйемен жұмыс істеген кезде Қатысушылар үшін сессияның шектеулі уақыты (пайдаланушы белсенді болмаған кезде жұмысты аяқтау) белгіленуге тиіс.

13. Жүйенің ережелерін бұзғаны үшін Қатысушыға қолданылатын шаралар

13.1. Қатысушы Ережелерді бұзған жағдайда, Оператор Ереженің және қатысушылармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

14. Құпиялылық

14.1. Қол жеткізу шектеулі, оның ішінде қатысушылардың/оператордың коммерциялық құпиясын құрайтын ақпарат, инсайдерлік ақпарат, сондай-ақ оны беру нысанына қарамастан, ашушы тарап қабылдаушы тарапқа беретін, қатысушыларға/операторға тиесілі кез келген өзге ақпарат құпия ақпарат деп түсініледі. Құпия ақпаратқа негізделген немесе оны қамтитын кез келген есеп, талдау немесе анықтама да құпия болып табылады және құпия ақпарат болып танылады.

14.2. Жүйедегі қызмет аясында ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оператор мен қатысушылар олардың арасында ақпаратпен алмасқан кезде құжатты қалыптастырған Тараптың электрондық қолтаңбасын пайдаланып, қол қойылған құжаттарды қорғалған (шифрланған) түрде беруге мүмкіндік беретін қорғалған байланыс арналарын пайдалануға міндетті.

14.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, қабылдаушы тараптың құпия ақпаратты ашушы тараптың жазбаша келісімінсіз (рұқсатынсыз) үшінші тұлғаларға жария етуге немесе өзгеше түрде ашуға құқығы жоқ.

14.4. Оператор мен қатысушылар жүйеде қызметті жүзеге асырған кезде пайдаланылатын және алынатын ақпараттың құпиялылығын сақтау міндеттемесін өздеріне қабылдайды және ашушы тараптың алдын ала

жазбаша келісімінсіз өз қалауы бойынша және қисынды қажеттілікті ескере отырып, оны жүйеде жұмыс істеу үшін ақпарат қажет болатын және құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат берілген өз жұмыскерлеріне беруге құқылы.

14.5. Қабылдаушы тарап құпия ақпаратқа қол жеткізген өз жұмыскерлерінің және өзге де тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауапкершілік атқарады.

14.6. Қабылдаушы тарап құпия ақпаратты жария еткені үшін, сондай-ақ қабылдаушы тараптың кінәсінен болған, құпия ақпаратты рұқсатсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік атқарады.

14.7. Қабылдаушы тарап қабылдаушы тараптың кінәсінен құпия ақпаратты жария етудің немесе оны рұқсатсыз пайдаланудың нәтижесінде туындаған залалды ашушы тарапқа өтеуге міндетті.

14.8. Оператор мен Қатысушылар Оператордың ақпаратты өңдеу және сақтау қызметінің олардың осындай ақпаратқа қатысты құқықтарын және құпиялылық талаптарын бұзбайтынымен келіседі.

14.9. Қатысушылар Жүйеде жұмыс істеуге арналған бағдарламалық, техникалық және өзге де шешімдердің бар екені және (немесе) мазмұны туралы ақпаратты Оператордың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етпейді. Қатысушы кез келген негіз бойынша Жүйеден шыққан жағдайда, құпия ақпаратты жарияламау міндеттемесі ол Жүйеден шыққан күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақталады.

15. Ережеге өзгерістер енгізу тәртібі

15.1. Оператор өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 5 күн бұрын Сайтта тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Ережеге енгізілген барлық өзгерістер туралы қатысушыларға хабарлайды.

15.2. Жүйеге қатысуды тоқтату және тоқтата тұру келесі негіздер бойынша:

- Қатысушының бастамасымен;
- Оператордың бастамасымен;
- Ережеде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда мүмкін болады.



Kaspi.kz төлем жүйесінің ережесіне
№1 қосымша

